

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Борлі ауданы білім беру болімінің «Жұлдыз» бобекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

**«Ұлттық қындылықтар дегеніміз не?»  
(баяндама)**

**Тәрбиешілер: Биссенбаева.Л.Е  
Сатыбалдиева.Ж.А**

**2024-2025 оқу жылы**

## «Ұлттық құндылықтар дегеніміз не?»

(баяндама)

Бұл — кез келген ұлттың, соның ішінде қазақ халқының да болмысын, рухын, салт-дәстүрін, мәдениетін айқындайтын асыл мұра.

Ұлттық құндылық дегеніміз — ұлтты ұлт ететін, оны басқа халықтардан ерекшелендіретін рухани, мәдени, әлеуметтік қасиеттер жиынтығы. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарына — ана тілі, діні, ділі, ұлттық салт-дәстүрі, тарихы, әдебиеті, музыкасы, өнері, отансүйгіштігі, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты қасиеттер жатады.

Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтар маңызды рөл атқарады. Себебі ұрпақ тәрбиесі — ел болашағының негізі. Халқымыздың «Тәрбие басы – тал бесіктен» деген даналығы осыны дәлелдейді. Отбасы – ұлттық тәрбиенің ең алғашқы ошагы. Отбасында баланың бойына ұлттық рух, тілге деген құрмет, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілік дарытылуы керек.

Бүгінгі заманауи қоғамда жаһандану үдерісі ұлттық ерекшеліктерді біркелкі етуге тырысып жатыр. Осы орайда біз, ата-ана мен тәрбиешілер, бірлесе отырып балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сініріп, оларды елін, жерін сүйетін, тарихын қадірлейтін азамат етіп тәрбиелеуіміз қажет.

Балага туган тілді үйрету – тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, оның ұлттық болмысын қалыптастырудың да жолы. Тілмен бірге дәстүр, өнер, рухани сана беріледі.

Қазақы салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен, салт-санасынан қалыптасқан санғасырлық тарихы бар құндылықтардың жемісі. Әрине, халқымыздың басынан небір алмағайып замандар, қылыш кезендер отті. Сондай қыын-қыстау сәттерде ұлт зиялыштары жас ұрпақтың тәрбиесіне назар аударып, олардың іс-әрекетін, мінез-құлқын қоғамның айнасы деп білген. Ежелден жалғасып келе жатқан жосын бойынша біз жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру арқылы ұлттық құндылықты сақтап, оны болашаққа жеткізе аламыз. Ұлттық құндылықтар тәрбиенің негізгі бағыттарын анықтап, оның мазмұнын байытады. Бұган негіз ретінде отбасылық тәрбие – ұлттық құндылықтарды сақтаудың алғашқы қадамы болмақ. Қазақ отбасында үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру, ата-анага құрмет деген секілді ізетті ұғымдар бала тәрбиесінің негізгі қағидалары.

Корыта келе, ұлттық құндылық – ұлттың тірегі, елдің ең басты байлығы. Біз ұлттық тәрбиені бірінші орынға қою арқылы ұрпағымызды рухани

жұтандықтан сақтап қаламыз. Сол себепті әрбір ата-ана, әрбір үстаз бүл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Ұлттық құндылықтар мен тәрбие – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Бір елдің болашагы үрпақ тәрбиясіне байланысты екенін уақыттың өзі дәлелдейп берді. Ал тәрбие ұлттық құндылықтарға сүйенгенде гана жемісті болмақ. Сондықтан қазақ қогамы үшін ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды жас үрпаққа жеткізу мәндай алды міндеттің бірі екенін түсінетін сәт туды. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие арқылы біз үрпақтар сабактастығын жалғастырып, нағыз ұлтын сүйер үрпақ тәрбиелей аламыз.

«Ұлттық құндылығын жоғалтқан ел – тамырсыз бәйтерекпен тең», сондықтан келер үрпақтың бойына ұлттық рухты дарыту – бәріміздің ортақ міндетіміз.